ҚР Қаржы министрлігі
Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің
Қызылорда облысы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит
департаментіне

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай - «ҚЭТТК» АҚ), «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының» ұйымдастыруымен өткізілген №39572511-ОК1 «"Реконструкция ПС-35/10 кВ "ГМЗ" в городе Кызылорда"» электрондық конкурсының (бұдан әрі - Конкурс) қорытындылары туралы 12.02.2021 жылғы хаттамасымен (шешімімен), ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 - бабының 2 – тармағын басшылыққа ала отырып, төмендегідей негіздермен келіспейді және оны қайта қаралуға жатады деп есептейді.

Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 6 - бабының 1 - тармағының 2 - тармақшасымен, «Әлеуетті өнім беруші және (немесе) оның жұмыскері және (немесе) оның үлестес тұлғасы тапсырыс берушіге не мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға өткізілетін мемлекеттік сатып алуды дайындау бойынша сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер көрсету негіздемесі бойынша өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысуға құқылы емес», - деп айқындалып, «ҚЭТТК» АҚ-ы конкурсқа жіберілмейді» деп танылған.

Алайда, аталған электрондық конкурс бойынша тапсырыс беруші **«Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына»** және мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы **«Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасына»** өткізілетін мемлекеттік сатып алуды дайындау бойынша **«ҚЭТТК» АҚ-ы сараптамалық, консультациялық және (немесе) өзге де қызметтер** және Конкурс жобасын дайындау барысында **ешқандай жобалық-сметалық құжаттар бойынша қосымша қызметтер көрсетпеген.**

Жоғарыдағылардың негізінде, Конкурс қорытындылары туралы 12.02.2021 жылғы хаттамасын (шешімін), ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47 - бабының 2 – тармағын басшылыққа ала отырып, негізсіз деп тауып, қайта қарауды сұраймын.

Басқарма Төрағасы **М.И.Каримбаев**